

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТІРЛІГІ

АЛМАТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА АКАДЕМИЯСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҒЫ

АЛМАТЫ, 2018


«Есеп және аудит» мамандығы бойынша ғылыми-педагогикалық бағытта оқитын магистранттар үшін педагогикалық тәжірибенің бағдарламасы мен әдістемелік нұсқаулығы

Құрастырушы: Назарова В.Л. – э.ғ.д., профессор, «Есеп, аудит және статистика» кафедрасының меңгерушісі, Алишаров Г.С.– э.ғ.к., доцент

Пікір жазған: э.ғ.д., профессор Ержанов А.К.

«Есеп, аудит және статистика» кафедрасының жалпы отырысында қаралды №1 хаттама, «24» 08 2018 ж

Назарова В.Л. э.ғ.д. профессор «Есеп, аудит және статистика» кафедрасының меңгерушісі



АЭСА оқу-әдістемелік кеңесімен бекітілді №1 хаттама, «24» 08 2018 ж.

Бекенова Л.М., профессор, ОТЖ проректоры
АЭСА ОӘК Төрағасы



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
1. Педагогикалық тәжірибенің әдістемелік және ұйымдық қамтамасыздандырылуы.....	4
2. Педагогикалық тәжірибенің мақсаты мен тапсырмасы.....	5
3. Жетекшінің міндеттері.....	6
4. Тәжірибеден өтуші магистранттардың міндеттері.....	6
5. Педагогикалық тәжірибеден өтудің дәйектілігі.....	7
6. Педагогикалық тәжірибенің бағдарламасы.....	8
7. Тәжірибе бойынша есепті дайындауға деген талаптар.....	12
8. Педагогикалық тәжірибе бойынша есепті қорғау тәртібі.....	14
9. Қосымша.....	14

КІРІСПЕ

Педагогикалық тәжірибеден өту мен есепті жазудың әдістемелік нұсқаулығы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына және магистранттың оқу кестесіне, Қазақстан Республикасының 13.05.2016 жылғы № 292 Жалпыға міндетті оқу стандарттарына сәйкес жасалған.

Педагогикалық тәжірибеден өту ғылыми-педагогикалық бағытта оқытып магистранттарды дайындау бойынша үрдістің манызды бөлігі болып табылады. Педагогикалық тәжірибе Академияда осы кафедраның жоғары мамандандырылған оқытушыларын жетекші ретінде тарту арқылы жүргізіледі.

Педагогикалық тәжірибе кезінде магистрант мамандандырылған пәндер бойынша теориялық және тәжірибелік материалдар негізінде лекциялық, тәжірибелік және СӨЖ (СОӨЖ) сабақтарын өткізіп, сондай-ақ өзі оқитын кафедра құжаттарын пайдаланып өткізетін сабақтары бойынша әдістемелік қамтамасыздандыру жасауы тиісті.

Магистранттардың педагогикалық тәжірибесі оқу үрдісінің кестесімен сәйкес жоспарланады. Тәжірибеге бөлінген уақыт көлемі оқу жоғарымен бекітіледі.

Мақсаты, тапсырмасы, өту тәртібі, есептің формасы, нәтижені бағалау, педагогикалық тәжірибенің жетекшісі мен магистранттың міндеті мен жауапкершілігі тәжірибе бағдарламасымен анықталады.

Педагогикалық тәжірибеге оқу жоспарын толық орындаған магистранттар жіберіледі. Педагогикалық тәжірибенің мазмұны мен ұзақтығы бекітілген оқу жоспарымен және бағдарламасымен анықталады.

Әрбір магистрантқа бекітілген оқытушының басшылығымен педагогикалық тәжірибені жүргізудің негізгі формасы:

1. Аудиториялық сабақтарды жүргізу: лекция, тәжірибелік сұбқиптар мен СӨЖ (СОӨЖ).
2. Аудиториялық сабақтарды жүргізу үшін әдістемелік материалдар дайындау;
3. Кафедраның әдістемелік құжаттарының құрылу тәртібімен танысу.

Педагогикалық тәжірибені өту үшін магистранттарға берілген бағыт жетекшісі мен тәжірибені өту уақыты көрсетілген Академия бұйрығымен рәсімделеді.

1. Педагогикалық тәжірибенің әдістемелік және ұйымдық қамтамасыздандырылуы
Педагогикалық тәжірибенің бағдарламасы келесідей құрылымға ие болуы керек:

- тәжірибенің мақсаты мен тапсырмасы;
- оның өтетін орны;
- тәжірибенің басшысы мен ұйымы;
- тәжірибені өту тәртібі мен мазмұны;
- есепті жазу үшін материалдарды жинау бойынша нұсқаулықтар;
- есепке қойылатын талаптар;

- педагогикалық тәжірибе туралы есепті қорғау тәртібі.

Педагогикалық тәжірибені өту бағдарламасы мен әдістемелік нұсқаулықтарына келесідей құжаттар қажет:

- күнтізбелік жоспар (тәжірибенің күнделігі);
- педагогикалық тәжірибені өтетін магистранттар үшін нұсқау;
- педагогикалық тәжірибені өту туралы есептің сыртқы беті.

Педагогикалық тәжірибеге жетекшілікті осы кафедраның магистранттар мен бакалаврлардың аудиториялық сабақтарын жүргізетін профессорлар мен доценттер жүргізеді.

Белгілі бір себептермен тәжірибе бағдарламасын орындамаған магистранттар оқудан тыс уақытта тәжірибеге бағытталды. Тәжірибе бойынша бағдарламаның талаптарын ешқандай себепсіз орындамаған немесе нашар баға алған магистранттар академиялық қарыз ретінде оқудан шығарылады.

Педагогикалық тәжірибенің аяқталуы бойынша магистранттар толық есеп береді, ол есепті кафедраның бекітілген комиссиясы алдында қорғайды. Есепті қорғау нәтижесі бойынша 100 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Тәжірибе бойынша алған баға теориялық оқу бағасына теңестіріліп, магистранттың үлгерімін қорытындылауда есепке алынады.

2. Педагогикалық тәжірибенің мақсаты мен тапсырмасы

Педагогикалық тәжірибенің мақсаты: аудиториядағы оқытушы ісінің профессионалды дағдыларын үйрену.

Педагогикалық тәжірибенің мазмұны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім стандарттарының талаптарына жауап берулері қажет, әсіресе магистранттарды оқытушылық істің тәжірибелік дағдыларының қалыптасуымен танысуы.

Педагогикалық тәжірибені өту барысында магистрант оқытушылық іске деген қабілетін көрсетуі қажет, университетте және магистратурада оқу кезінде алған білімі мен іскерлігін дұрыс қолдана білуі және туындаған мәселелердің шешу жолдарын тез әрі уақтылы таба білуі керек.

Магистранттың педагогикалық тәжірибесінің тапсырмасы мыналар:

- магистратурада оқу кезінде аудиторияда жүргізілген педагогика және психология пәндерінен алған теориялық білімін қолдану;
- педагогикалық тәжірибенің бағдарламасында қарастырылған жеке тапсырмалардың орындалуы;
- аудиторияны иелену дағдыларын үйрену;
- сабақ беру әдістемесін меңгеру.

3. Жетекшінің міндеттері

Педагогикалық тәжірибе басталмай тұрып жетекші мен магистрант бірге тәжірибе барысында орындалатын жұмыстардың мерзімі мен тізімі көрсетілетін тәжірибені өгудің күнтізбелік жоспары жасайды.

Педагогикалық тәжірибенің жетекшісі лекциялар, тәжірибелік сабақтар мен СӨЖ (СОӨЖ) өткізу үшін зерттеу тақырыптарын тандауға қатысады, тәжірибені өту барысында магистрантқа ақыл-кеңес береді және магистрантқа келесі бағыттар бойынша әдістемелік көмек көрсетеді:

- қажетті әдебиет, анықтама және өзге де ақпарат көздерінің тізімін анықтауға;
- лекциялар, тәжірибелік сабақтар мен СӨЖ (СОӨЖ) өткізудің мазмұны бойынша скраутарға кеңес беру;
- педагогикалық тәжірибенің жоспарының орындалуына, әдебиеттің дұрыс қолданылуы ең есептің уақтылы тапсырылуына бақылау жасайды;
- жетекші әдістемелік көмек көрсетеді, бақылау жасап, өзгерістер енгізеді, өткізілген сабақтарға қорытынды жасап және ұсыныс жасайды;
- бакалавриат немесе магистратураға сабақ беру әдістемесін тандауда тәжірибелік көмек көрсетеді;
- жинақтаған материалдың сапасына бақылау жасайды;
- тәжірибенің аяқталуына қарай есепке жазбаша қорытынды береді.

4. Тәжірибеден өтуші магистранттардың міндеттері

Педагогикалық тәжірибе барысында магистраттың міндеті:

- Академиядағы ішкі еңбек тәртіп ережелеріне бағылу;
- педагогикалық тәжірибенің бағдарламасында қарастырылған тапсырмаларды толық орындау;
- техникалық қауіпсіздік, тазалық және өртке қарсы ережелерді оқып, соғарды сақтау;
- кафедра жұмыстарына белсене қатысу;
- орындайтын жұмысына және оның нәтижесіне жауапкершілікпен қарау;
- жоспар-күнделікті жүргізу;
- тәжірибеге келе алмай қалған жағдайда уақтылы ескертіп немесе ауырганда медициналық анықтама ақеліп беру.

5. Педагогикалық тәжірибеден өтудің дәйектілігі

Тәжірибеден өту кезінде келесідей бірізділік белгіленеді:

- педагогикалық тәжірибенің жетекшісімен танысу;
- тәжірибенің бағдарламасымен танысу;
- кафедраның мүшелерімен танысу;
- күн тәртібімен танысу;

- қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша инструктаж жүргізу;
- жеке тапсырмалар беру;
- жеке тапсырмалар бойынша есеп жазып және оны қорғау;

6. Педагогикалық тәжірибенің бағдарламасы

Педагогикалық тәжірибеден өту барысында магистрант келесі сұрақтарды зерттеуі қажет:

1. Академиядағы педагогикалық қызмет тәжірибесін зерттеу және талдау;
2. магистрантқа бекітілген жетекшінің жүргізген лекция, тәжірибелік және СӨЖ (СОӨЖ) сабақтарына қатысып, оның сабақ беру тәжірибесін зерттеу;
3. лекция, тәжірибелік және СӨЖ (СОӨЖ) сабақтарын жүргізу әдістемесімен танысу;
4. магистраттың жүргізетін сабақтарының тақырыптарын анықтау;
5. лекциялық сабақтарды жүргізу бойынша әдістемелік нұсқау жасау:
 - а) лекция жоспары;
 - б) әдебиет көздері;
 - в) лекция конспектi.
6. тәжірибелік сабақты өткізуге арналған әдістемелік нұсқаулықтарды жасау:
 - а) тәжірибелік сабақтар жоспары;
 - б) әдебиет көздері;
 - б) тапсырмалар, жағдайлар;
 - в) статистикалық немесе есептік материалдар.
7. СӨЖ (СОӨЖ) жұмыстарын жүргізу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар жасау:
 - а) сабақтың жоспары;
 - б) әдебиет көздері;
 - б) тапсырмалар, жағдайлар;
 - в) статистикалық немесе есептік материалдар.
8. аудитоилық сабақтарды 8-10 сағаттан кем жүргізбеу;
9. кафедраның әдістемелік материалдар жасау жұмыстарына қатысу;
10. факультет, кафедраның әдістемелік семинарларына қатысу; мұғалімдердің ашық сабақтары мен олардың талқылауларына қатысу;
11. 12-14 сағат кафедраның іскерлік құжаттарын зерттеу;
12. УМКД құру тәртібімен танысу;
13. алынған нәтижелерді жалпылап және қорытынды шығару;
14. Академияда оқу үрдісін жетілдіру бойынша тәжірибелік ұсыныстар жасау;
15. педагогикалық тәжірибе бойынша есепті дайындап, кафедраның бекіткен комиссиясының алдында бекітілген уақытта қорғау.

7. Тәжірибе бойынша есепті дайындауға деген талаптар

Жеке тапсырманың орындалу нәтижесі бойынша магистрант тәжірибеден өту барысында нақты орындалған жұмыс туралы ақпараттан тұратын есеп құрастырады.

Есеп дайындалған бағдарлама бойынша жұмыстардың орындалуы мен зерттеуіне негізделіп тәжірибеден өту барысында жасалды, олардың ала дайындалған жеке жоспар сәйкес құрастырылуы қажет.

Есептегі барлық сұрақтарға жауаптар тәжірибеден өту бағдарламасында қарастырылғандай толықтай ашылып көрсетілуі қажет. Есепте магистрант лекция, тәжірибелік және СӨЖ (СОӨЖ) сабақтарында қолданған барлық оқу-әдістемелік материалдар (кесте, графиктер, есептік құжаттар) келтірілуі қажет:

- Қарастырылған құжаттарға деген сілтеулер;
- Зандық актілер;
- Оқулықтар мен оқу құралдары;
- Монографиялар;
- Ғылыми мақалалар;
- Баяндамалар;
- әдістемелік материалдар;
- магистранттың өз бетінше жүргізген есептесулері және т.б..

Есепте берілген сұрақтарды магистрант қалай шешкенін, қандай құжаттар, анықтамалар, нормалар мен нормативтік актілерді қолданғанын немесе қандай компьютерлік базалардан мәліметтер алғанын ашып көрсетуі қажет.

Педагогикалық тәжірибе бойынша есепті магистрант тәжірибе аяқталғаннан соң он күннен кешіктірмей жетелісіне тапсыруы қажет.

Педагогикалық тәжірибе бойынша жасалған есеп көлемі он баспа бетінен кем болмауы керек. Бұдан басқа магистрант күнделікті тәжірибелік жұмысы көрініс табатын тәжірибе күнделігін тапсырады, онда мынадай мәліметтер келтіріледі:

- педагогикалық тәжірибеге бекітілген жетекшінің лекция, тәжірибелік және СӨЖ (СОӨЖ) сабақтарына қатысқаны;

- кафедралық мұғалімдерінің ашық сабақтарына қатысқаны;

- әдістемелік семинарлар, тренингтер мен конференцияларға қатысуы;

- тәжірибелік сабақты өткізгені;

- сабақты өткізу бойынша әдістемелік материалдарды жинау мен өңдегені;

- кафедра жұмыстарына қатысқандығы;

- УМКД жасау тәртібімен танысқандығы.

Тәжірибе бойынша есепке мыналар кіреді:

- бастапқы бет;
- мазмұны;
- кіріспе;

- негізгі бөлім;
- қорытынды;
- библиографиялық тізім;
- нөмірленген қосымшалар.

Бастапқы бет бекітілген үлгі бойынша толтырылуы қажет.

Мазмұны есептің барлық бөлімдері негізгі бөлімдері мен беттерінің нөмірлерінен тұрады.

Кіріспеде келесі сәттерді көрсету қажет:

- педагогикалық тәжірибенің мақсаты, орны мен ұзақтығы;

- педагогикалық тәжірибе өткізілетін ұйым немесе мекеменің сипаттамасы;

- педагогикалық тәжірибені жүргізудің мақсаты мен тапсырмасы.

Негізгі бөлім. Тәжірибеден өтуші негізгі бөлімде әр тақырып бойынша

әдістемелік материал жинауы тиіс:

- лекция, тәжірибелік және СӨЖ (СОӨЖ) сабақтарында қарастырылатын сұрақтардың жоспары, құрылымы мен мазмұны;
- қолданылған әдебиет тізімі;
- жасалған тест, тапсырмалар бойынша да әдістемелік материалдар;
- слайдтар, кестелер, сызбалармен диаграммалар;
- жүргізіп жатқан пәндері бойынша силлабус түріндегі оқу құралдары.

Қорытындыда «Есеп және аудит» кафедрасындағы, жалпы Академиядағы оқу үрдісін ұйымдастыру жағдайын жақсартуға бағытталған негізгі педагогикалық ұшыныстар көрініс табуы қажет.

Педагогикалық тәжірибе туралы есеп стандартты А4 (210x297) форматында орындалуы қажет. Компьютерде жазылған есеп үшін Microsoft WinWord (версия 6.0) редакторы, «Times New Roman» шрифты, №14 кегль қолданылды. Педагогикалық тәжірибе жөнінде есеп көлемі 10 бет машина жазбасынан кем болмауы керек.

Қатар аралық жазбада мына көлемді сақтау қажет: сол жақ – 30 мм, оң жақ – 10, жоғары жақ – 20, төменгі жақ – 20.

Педагогикалық тәжірибенің «Мазмұны», «Кіріспе», «Қорытынды», «Қолданылған әдебиеттер тізімі» сияқты құрылымдық элементтері және бөлім атаулары құрылымдық элементтердің атаулары ретінде қызмет етеді.

Кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар жана беттен бастап жазылады.

Педагогикалық тәжірибенің бөлімдері құжат шегінде араб цифрларымен нүктесіз реттік нөмірмен және абзацтан жазылулары қажет. Әр бөлім шегінде параграфтар нөмірленуі қажет. Параграф нөмірі нүктемен бөлінген бөлім де параграф нөмірлерінен тұрады. Параграф нөмірінің соңына нүкте қойылмайды. Бөлім атауларын жазғанда «Бөлім» және «Параграф» сөздері қосылып жазылмайды.

Абзацтар жана жолмен еркешеленеді және бес белгіге тең болады.

Педагогикалық тәжірибенің барлық беттері бастапқы беттен бастап кестелермен қосымшалар қоса нөмірленеді. Бастапқы бетке нөмір қойылмайды.

Беттерді араб цифрларымен нөмірлейді. Бет нөмірін беттің төменгі

жағына нүктесіз дәл ортасына қояды.


Компьютерден шығарылған жеке беттегі кестелер мен сызбалар есептің беттерінің жалпы нөміріне қосылады. Компьютерден шығарылған А3 форматындағы кесте немесе сызбаны бір бет ретінде санайды.

Иллюстрациялар. Иллюстрацияларды (сызба, график, диаграммалар, суреттер) олар туралы бірінші рет айтылған текст соңында немесе келесі бетке қою қажет. Барлық иллюстрацияларға сілтемелер жасалуы қажет.

А4 форматынан кіші суреттер стандартты ақ параққа жабыстырылуы қажет. Иллюстрацияларды барлық есеп көлемінде рет ретімен нөмірлеу қажет. Иллюстрациялардың атауы болуы қажет, қажет болған жағдайда түсініктеме жазбалар беру керек. «Сурет» сөзі және оның атауы түсініктеме жазбадан соң абзацтан басап жазылады.

Сурет пен жазба арасындағы аралық екі интервал немесе бір «бос қатар» болу қажет.

Мысалы:



1 – инвестицияға дейінгі кезең

2 – инвестициялық кезең

3 – эксплуатациялық кезең

1-сурет Инвестициялық жобаны өлкізу графигі

Кестелер. Сандық материал кесте түрінде безендірілуі қажет. Есепте кестені ол туралы бірінші рет айтылған тект соңына немесе келесі бетке орналастыру қажет.

Барлық кестелерге сілтемелер болу қажет.

Кестенің атауын кестенің астына сол жағына ешбір абзацсыз бір қатарға оның нөмірін сызықша арқылы жазу қажет.

Қосымшадан тыс кестелерден басқасының бәрін реттік нөмірлерін сақтай отырып араб цифрларымен нөмірлеу қажет.

Қосымша кестелерін жеке араб цифрларына қосымша нөмірлерін қосу арқылы белгілейді.

Кесте бөлімдерінің атауларының соңында нүкте қойылмайды. Олардың атаулары жекеше түрде аталады.

Кестедегі шрифт көлемін мәтіндегі көлемнен кішірейтіп көрсетуге болады, мысалы №10 –нан 12-ге дейінгі келгь. Кестенің төменгі-жағы мен мәтіннің аралығы 2 интервал немесе 1 «бос қатар» болуы қажет, әрбір кесте соңында ол кестені алған әлебиетке сілтеме немесе атордың өзі құрғандығы суарулы ақпарат келтірілуі керек.

Мысалы есептегі кестені безендіру:

1-кесте «ККБ» АҚ 2012-2013 ж.ж. меншікті капиталы, мың,тг.

Көрсеткіштер	2012	2013	Ауытқу	
			+;-;	%
Жарғылық капитал	4851722,7	4851722,7	-	-
Қайта бағалау құны (қосымша төленбеген капитал)	44619728,2	339 77439,6	-10645288,6	76,1
Бөлінбеген пайда (ашылмаған шығын)	474 507 14,5	636 789 53,9	16228239,4	134,2
КАПИТАЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ	1 40587670,3	1 46173620,7	5585950,4	104,4

* АО «ККБ» АҚ есептік мәліметтерінің негізінде ағормен құрылған

Басқару формуласы. Символдардың мәні мен сандық коэффициенттерге түсінікті формулада берілген ретпен формула астында көрсету қажет. Әр символ мен сандық коэффициент белгісін жаңа қатардан бастау қажет. Әрбір түсініктің жаңа қатарын «мұндағы» сөзімен қос нүктесіз бастайды.

Теңдеулер мен формулаларды мәтіннен бөліп жаңа қатарға бөлу қажет. Әр теңдеу мен формула астыңғы және төменгі жағында кем дегенде бір бос қатар қалу керек. Егер теңдеулер бір қатарға сыймайтын болса, онда жалғасы келесі жолға теңдік (=) немесе қосу (+), азайту (-), көбейту (*), бөлу (:), немесе басқа да математикалық белгілері арқылы көшіріледі.

Педагогикалық тәжірибе есебіндегі формулалардың нөмірлерін бар есеп көлемінде араб цифрларымен сол жақ шеткі бөлігінде жақшаға алып көрсетеміз.

Мысалы:

$$K_n = K_a / K_m \quad (1)$$

Мұндағы

K_n – кәсіпорынның ағымдағы жағдайы;

K_a – қысқа мерзімді активтер;

K_m – қысқа мерзімді міндеттемелер.

жағымды характеристикасы болған жағдайда ғана болады.

Педагогикалық тәжірибе бойынша есепті қорғау барысында магистрант педагогикалық қызмет жайлы терең білімін бағдарламада келтірілген барлық сұрақтар бойынша көрсетеді. Бағалауға мына критерийлер әсер етеді:

- орындалған жұмыстың мазмұнының толықтығы мен сапалылығы;
- бкіл жұмыстың педагогикалық тәжірибе бағдарламасы мен жеке біліміне сәйкестігі;
- есепте келтірілген материалдармен еркін жұмыс істеуі;
- педагогикалық тәжірибе жөніндегі жетекшінің пікірі;
- есепті қорғай барысында қойылған сұрақтарға толық ашып жауап беру.

Егер есепті қорғау барысында магистрант қанағаттандырмайтын баға алса, онда есепті толықтыру үшін ол тәжірибені қосымша қайта өтуге бағытталады.

Тәжірибе нәтижесін бағалау 100 балдық жүйе бойынша бағаланып, магистранттың дипломына қосымша ретінде қосылады.

Толық емес және ұқалсыз жасалған есеп қорғауға жіберілмейді.

Сандық мәндер. Көлемдердің стандартпен белгіленген сандық мәндері белгілі бір ауытқулармен немесе үлкен немесе кіші мәндер түрінде берілуі қажет.

Мысалы: - 80 мм + 2 мм

Пайыздық түрдегі сандар мәнін көрсеткенде былайша жазу қажет:

63%-дан 67%-ға дейін немесе $(65 \pm 2)\%$, ал былай жазған $(65 + 2)\%$ дұрыс болмайды.

Рим цифрларын тек ғасырды, заттардың сұрыптарын, химиялық элементтер валенттілігін, жыл тоқсандарын, жарты жылдықтарды көрсету үшін ғана қолданады. Ал басқа жағдайлардың бәрінде тек араб цифрлары қолданылады.

Педагогикалық тәжірибенің есебінің мәтінде формула, кесте және суреттерден басқа жерлерде мына белгілерді қолдануға болмайды:

-теріс мәнді көлем алдында математикалық азайту белгісін (-) қолдануға (азайту деп жазу қажет),

-сандық мәтіндерсіз үлкен \rightarrow , кіші $<$, тең $=$ белгілерін;

-№ белгісін;

-% (пайыз).

Сілтемелер. Ақпарат көздеріне деген сілтемені әдебиеттердің реттік нөмірі бойынша тік жақшамен көрсету қажет.

Қысқартулар, шартты белгілер, символдар, бірліктер мен терминдер тізімі. Тізім бағана түрінде көрсетіледі. Сол жағында алфавиттік ретпен қысқартулар, шартты белгілер, символдар, бірліктер мен терминдер, ал он жағында олардың детальды анықтамасы келтіріледі.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Н.Ө. Назарбаев «Қазақстанның әлемнің 50-ден аса бәсекелестік ел қатарына қосылу туралы стратегиясы». Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. Астана, 2006 жыл.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы, 28.02 2007 ж. «Қазақстан 2030» Стратегиясы Қазақстанның жаңа даму кезеңінде. Біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың маңызды 30 бағыты»
3. Қазақстанның 2003–2015 ж.ж. индустриалды-инновациял дасу стратегиясы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, 17 мамыр 2003 жыл № 1096.

8. Педагогикалық тәжірибе бойынша есепті қорғау тәртібі

Педагогикалық тәжірибемен өткендігі туралы есепті қорғау кафедра белгілейтін комиссия алдында, кафедра белгілеген уақытта жетекшінің

АЭСА Ғылыми Кеңесінің жиынында Бекітілді
№ __ Хаттама «__» _____ 20__ ж.

Қосымша 1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

АЛМАТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА АКАДЕМИЯСЫ

АЛМАТЫ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ СТАТИСТИКА АКАДЕМИЯСЫ

«ЕСЕП, АУДИТ ЖӘНЕ СТАТИСТИКА» КАФЕДРАСЫ

«ЕСЕП, АУДИТ ЖӘНЕ СТАТИСТИКА» КАФЕДРАСЫ

1 КУРС ТӘЖІРІБЕШІ-МАГИСТРАНТТЫҢ
КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР (күнделік)

Педагогикалық тәжірибені
«__» _____ және «__» _____ 20__ ж.
аралығында өткен

«Есеп және аудит» бМ050800 мамандығы магистрантының
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРІБЕДЕН ӨТУІ ТУРАЛЫ
ЕСЕБІ

бМ050800 «Есеп және аудит» мамандығы
магистрантының аты-жөні

Магистранттың аты-жөні

Тәжірибе жетекшісі,
Ғылыми дәрежесі

Ғылыми жетекшінің аты-жөні

Тәжірибе жетекшісі,
Ғылыми дәрежесі

Ғылыми жетекшінің аты-жөні

«__» _____ 20__ ж.

АЛМАТЫ 2015

АЛМАТЫ 20__

БЕКІТЕМІН:

« _____ » 20 ____ ж.

1. КАЛЕНДАРЛЫҚ ТІЗБЕК

«Есеп және аудит» мамандығының 1 курс магистрант-тәжірибеші
_____ (магистранттың аты-жөні)

_____ (тәжірибе өткен мекеменің атауы)
мына мерзім аралығында « ____ » _____ және
« ____ » _____ 20 ____ ж. педагогикалық тәжірибеден өтті.

№	Магистранттың орындайтын жұмыстарының атауы	Орындалу мерзімі	Жұмыстың орындалуына жетекшіні бағасы
1	2	3	5

2. ТӘЖІРІБЕДЕ ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТУРАЛ ЖАЗБАЛАР

Айы мен күні	Орындалған жұмыстың қысқаша мазмұны	Жетекшінің ескертулері
1	2	3

1	2	3

3. ТІЗІМІ

педагогикалық тәжірибеден өту барысында магистранттың жинаған материалдарының

4. ТӘЖІРІБЕ НӘТИЖЕСІ БОЙНША МАГИСТРАНТТЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚОСЫШАЛАРЫ

5. МАГИСТРАНТТЫҢ ЖҰМЫСЫНА СИПАТТАМА

(оның теориялық дайындығының деңгейі, орындалған жұмыс сапасы, бар болған ағдайда кемшілікте көрсетіледі).

Ұйым жетекшісінің қолы
(тәжірибе орны)

_____ (аты-жөні)

**6. ПЕДАГОГИКЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ӨТКЕНДІГІ ТУРАЛЫ
МАГИСТРАНТТЫҢ КАФЕДРАСЫНЫҢ ШІКІРІМ-МЕН БАҒАСЫ**

(жұмыстың кемшілігі мен артықшылығы көрсетілген пікір беріледі және жүз балдық жүйе бойынша бойынша бағаланады).

Педагогикалық тәжірибе туралы есепті қабылдаған комиссия мүшелерінің қолдары

« _____ » _____ 20 _____ ж